



Осы Сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде «Евразия» сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы тарабынан біржақты тәртіппен әзірленген және жүкті сақтандыру бойынша сақтандыру полистерін жасасу және олар бойынша міндеттемелерді орындау тәртібін айқындайды.

Осы Ережелер Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Жүкті сақтандыру бойынша нақты сақтандыру полисінің талаптары осы Сақтандыру ережелерімен айқындалады.

Мазмұны

1-бап. Глоссарий	1
2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы	2
3-бап. Сақтандыру объектісі	2
4-бап. Сақтандыру тәуекелдері	2
5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер	3
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	4
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы	4
8-бап. Франшиза	5
9-бап. Сақтандыру полисін жасасу тәртібі	5
10-бап. Бас полис пен сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі мен орны	7
11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	7
12-бап. Бас полис пен сақтандыру полистерінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	9
13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері	10
14-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	11
15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	12
16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	14
17-бап. Сақтанушының залалды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы	15
18-бап. Сақтандыру полисінің қолданылуын тоқтату шарттары	15
19-бап. Ерекше талаптар	17
20-бап. Дауларды шешу тәртібі	18

1-бап. Глоссарий

1. **Сақтандырылған жүк** – осы Сақтандыру ережелеріне Сақтанушының қосылуы және сақтандыру полисін алуы жолымен Сақтанушымен жасалған сақтандыру полисі негізінде Сақтандырушы сақтандыруға қабылдаған жүк;
2. **Жалпы авария** (теңіз көлігімен тасымалдау кезінде) – кеме, фрахт және кемемен тасымалданатын жүктерді ортақ қауіптен құтқару мақсатында саналы әрі негізделген шығыстардан немесе құрбан етулерден туындаған залалдар. Жалпы аварияға байланысты келтірілген залалдар кеме, фрахт және жүк арасында олардың құнына барабар бөлінеді;
3. **Диспаша** – жалпы авария бойынша залалдарды есептеу және оларды теңіз кәсіпорнына қатысушылар арасында жүк пен фрахт құнына сәйкес бөлу;
4. **Жүктің жойылуы** – жүктің қалпына келтірілуі немесе жөнделуі техникалық жағынан мүмкін емес не экономикалық тұрғыдан орынсыз болатын зақымдануы;
5. **Жүктің жоғалуы** – тасымалдау кезінде Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының кінәсі болмаған кезде жүктің физикалық түрде жоғалуы, соның салдарынан олар жүкке іс жүзінде иелену, пайдалану және оған билік ету мүмкіндігінен айырылады;
6. **Залалдар** – осы Сақтандыру ережелерінде тек нақты залалдар, яғни сақтандыру полисін жасасу кезінде айқындалған сақтандырылған жүктің құны түсініледі, оған тасымалдау құны мен кедендік баждар да енгізілуі мүмкін;
7. **Сақтандыру полисі** – Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы нәтижесінде жасалған Сақтандыру шарты (осы Сақтандыру ережелеріне № 2 қосымша – сақтандыру полисінің нысаны);
8. **Апат** – көлік құралының қатысуымен болған, соның нәтижесінде көлік құралының жойылуы немесе конструкциялық бұзылуы орын алған төтенше оқиға, оның ішінде жол-көлік оқиғалары (аударылу, соқтығысу, көлік құралының өртенуі), теңіз кемесінің жойылуы не бұзылуы, жарылыс, әуе кемесінің құлауы;

9. **Сақтандыру жағдайы** – басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы белгілеріне ие, Сақтандыру шартында көзделген және басталған кезде Сақтандырушыда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға.

2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. **Сақтанушы** – жүктің сақталуына мүдделі заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға, Сақтандыру ережелеріне қосылу жолымен және сақтандыру полисін беру арқылы Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға.
2. Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде заңды тұлға болып табылатын Сақтанушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы сақтандыру полисі бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен осы Сақтандыру ережелерінде айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.
3. Жүкті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін жасасқан Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру полисі осы Сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен тоқтатылуға жатады.
4. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, онда сақтандыру объектісі жүкке иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты Сақтандырылған тұлғаның мүліктік мүдделері болып табылады.
5. Сақтандыру полисін Сақтандырылған тұлғаның пайдасына жасасу Сақтанушыны тиісті сақтандыру полисі бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
6. Сақтанушы сақтандыру полисін жасасу кезінде жүктің сақталуына мүдделі кез келген тұлғаны Пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы.
7. Сақтанушы Сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру полисінде көрсетілген, Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушыны Сақтандырушымен қосымша келісім жасасу арқылы басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.
8. Пайда алушы өзі Сақтанушымен жасалған келісімнен туындайтын сақтандыру полисі бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды.
9. Осы баптың 2-тармағына сәйкес Сақтанушыны ауыстыру үшін Сақтанушы қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде өзінің уәкілетті органы арқылы Сақтандырушыға Сақтанушыны қайта ұйымдастырылуына байланысты ауыстыруды сұрап жазбаша өтініш ұсынуға міндетті. Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыру туралы шешім қабылдаса, онда соңғысы сақтандыру полисіне қосымша келісімге қол қойылған және заңды тұлғаларды тіркеудің мемлекеттік тізіліміне Сақтанушының қайта ұйымдастырылғанын тіркеу туралы жазба енгізілген сәттен бастап ауыстырылған болып есептеледі. Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстырудан бас тартса, ол бұл туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлайды және сақтандыру полисі заңды тұлғаларды тіркеудің мемлекеттік тізіліміне Сақтанушының қайта ұйымдастырылғанын тіркеу туралы жазба енгізілген сәттен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады, бұл ретте сақтандыру полисі бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері сомаларын, мемлекеттік бюджетке аударылған міндетті төлемдерді және агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандырудың пайдаланылмаған қалған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі Сақтанушыға сақтандыру полисінің пайдаланылмаған қолданылу кезеңінің уақытына барабар қайтарылады.

3-бап. Сақтандыру объектісі

Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жүкке, оның ішінде багажға, тауарларға және өнімнің барлық түрлеріне иеленуге, пайдалануға, билік етуге байланысты, оларды тасымалдау тәсіліне қарамастан зақымдануы, жойылуы, қаза табуы, жоғалуы салдарынан туындайтын мүліктік мүдделері табылады.

4-бап. Сақтандыру тәуекелдері

1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жүкті тасымалдау құралы арқылы тасымалдау кезінде жоғалу, қаза табу немесе зақымдану тәуекелдері (осы Сақтандыру ережелерінің 5-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) мынадай себептердің нәтижесінде сақтандырылуға жатады:



- 1) өрт немесе жарылыс, сондай-ақ өртті сөндіру үшін қабылданған шаралар салдарынан;
 - 2) дүлей апаттар;
 - 3) апат, рельстен шығып кету, аударылу немесе тасымалдау құралдарының өзара соқтығысуы;
 - 4) олардың қозғалмайтын немесе қозғалмалы заттарға соғылуы;
 - 5) сеніп тапсырылған жүкті иемденіп алу немесе ысырап ету мен алаяқтықты қоспағанда, ұрлау;
 - 6) хабар-ошарсыз жоғалу.
2. Жүк тек сақтандыру полисінде көрсетілген маршрут бойынша тасымалдау кезінде, тасымалдау құралдарында, қайта тиеу орындарында, аралық қоймалауда немесе уақытша сақтау орындарында ғана сақтандырылған болып есептеледі.
3. Жүк мынадай жағдайларда хабар-ошарсыз жоғалған болып есептеледі:
- 1) теңіз тасымалдары кезінде — жоспарланған келу уақытынан бастап 60 тәулік өткен болса (еуропалық ішкі су жолдары үшін бұл мерзім 30 тәулікті құрайды) және залалды өтеу туралы талап қою сәтіне дейін жүк және/немесе тасымалдау құралы туралы ешқандай ақпарат алынбаған болса;
 - 2) теміржол тасымалдары кезінде — жүк жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде жүк алушыға оның талабы бойынша берілмесе, ал жүкті тікелей аралас қатынаста тасымалдау кезінде — жүк тасымалдауға қабылданған күннен бастап 4 ай өткен соң;
 - 3) автомобильмен тасымалдау кезінде — жүк жүк алушыға оның талабы бойынша берілмесе:
 - қалалық және қала маңындағы тасымалдауда — жүк тасымалдауға қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде;
 - қалааралық тасымалдауда — жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде, ал жүкті тікелей аралас қатынаста тасымалдау кезінде — жүк тасымалдауға қабылданған күннен бастап 4 ай өткен соң.
 - 4) әуе тасымалдары кезінде — жүк ол межелі әуежайға жеткізілуге тиіс болған күннен кейінгі күннен бастап есептегенде 120 күн ішінде іздестіру барысында табылмаса.
 4. Жүк хабар-ошарсыз жоғалды деп болжанатын мерзім, ақпаратты жеткізу соғысқа, әскери іс-қимыл сипатындағы оқиғаларға, азаматтық соғысқа немесе қоғамдық тәртіпсіздіктерге байланысты кешіктірілуі мүмкін болған жағдайларда, нақты мән-жайларға қарай ұзартылады, бірақ 6 айдан аспауға тиіс.

5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер

1. Төмендегі жағдайлардың салдарынан жүктің жоғалуы (қаза табуы) немесе зақымдануы орын алса, ол Сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
 - 1) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің (сенім білдірілген тұлғаларының) қасақана әрекеттері немесе өрескел абайсыздығы, не олардың кез келгенінің жүктерді тасымалдау, тиеу-түсіру және сақтау қағидаларын бұзуы;
 - 2) жүктің тиісті сақталуын жүк алушыға жеткізу кезеңінде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін жарамсыз қаптама (орау), жүктің зақымдалған күйде жөнелтілуі, ірілендірілген жүк орындарын қалыптастыру талаптарының бұзылуы, жер бедерінің кедір-бұдырын, сондай-ақ тасымалдау құралы қозғалысы салдарынан болатын шайқалуды ескере отырып, жүктің дұрыс орналастырылмауы және бекітілмеуі;
 - 3) трюмдегі (қоймадағы) және/немесе атмосфералық ауаның температурасының әсері немесе жүктің ерекше қасиеттері не ақаулары, нормативтік ағып кету, кебу, салмағы мен көлемінің табиғи азаюы;
 - 4) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің (сенім білдірілген тұлғаларының) білуімен, бірақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандырылған жүкпен бірге қауіпті жүктерді тиеу (сақтау);
 - 5) сыртқы қаптамасының бүтіндігі және пломбалардың сақталуы жағдайында жүктің кем шығуы, өлшеу кезіндегі айырмашылық;
 - 6) жүктің құрттармен, кеміргіштермен және жәндіктермен бүлінуі;
 - 7) соғыс әрекеттері немесе әскери іс-шаралар және олардың салдары, миналармен, торпедалармен, бомбалармен және соғыс құралдарының басқа да түрлерімен жойылу немесе

зақымдану, террористік актілер, халық толқулары, азаматтық соғыс, қарақшылық әрекеттер, ереуілдер, локауттар, әскери немесе азаматтық билік органдарының, сондай-ақ кеден, санитариялық немесе карантиндік қызметтердің талабы бойынша жүктерді тәркілеу, қамауға алу немесе жою;

- 8) атом жарылысының, жоғары радиацияның тікелей немесе жанама әсері, атомдық немесе ядролық ыдырау не синтез энергиясын қолдануға, сондай-ақ бөлінетін материалдарды пайдалануға байланысты әсерлер;
2. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
 - 1) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жанама коммерциялық залалдары (айыпақыны қоса алғанда), алынбай қалған пайда;
 - 2) моральдық зиян;
 - 3) сот шығыстары.
3. Қауіпті жүктерді тасымалдау (сақтау) кезінде Сақтандырушы ықтимал зиян үшін жауапты болмайды. Сақтандырушы құрамында қауіпті компоненттері бар жүктің қаза табуы үшін жауап бермейді.

6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
2. Сақтандыру сомасының мөлшерін тараптар сақтандыру полисін жасасу сәтіндегі жүктің нақты құнын (сақтандыру құнын) растайтын құжаттар негізінде айқындайды. Сақтандыру құнына, тиісінше сақтандыру сомасына жүкті тасымалдау мен сақтауға байланысты құжатпен расталған шығыстар, сондай-ақ сақтандыру шығыстары енгізілуі мүмкін.
3. Тараптар арасында жасалған Бас полис негізінде сақтандыру полисін беру үшін Сақтанушы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыға электрондық хабарлама жіберу арқылы есепті айдағы жүк жөнелтілімдері туралы ақпарат ұсынады, содан кейін көрсетілген көлемге Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру полисін береді.
4. Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сомасы жүктің әрбір партиясының сақтандыру құнынан, оның ішінде жүкті тасымалдау мен сақтауға байланысты шығыстардан, сондай-ақ сақтандыру шығыстарынан аспауға тиіс.
5. Егер құжаттарда құны көрсетілмесе, бұл жағдайда Сақтандырушы жүктің нарықтық құнына сүйенеді.
6. Бас полис негізінде берілген тасымалданатын жүктің әрбір партиясына (бөлігіне) арналған сақтандыру полисінде жүктің әрбір партиясы (бөлігі) бойынша сақтандыру сомасы көрсетілуге тиіс.

7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. Жасалған Бас полис бойынша берілген тиісті сақтандыру полистері бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігіне алынатын жүк сақтандыруы бойынша тарифтік мөлшерлемелердің есебі мен экономикалық негіздемесіне сәйкес есептелген сақтандыру тарифтері бойынша айқындалады.
2. Сақтандырылған жүктің бірінші партиясы бойынша сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарабынан Сақтандырушының банктік шотына аудару жолымен, Сақтандырушы шот ұсынған сәттен бастап 3 банктік күннен кешіктірілмей, қолма-қол ақшасыз төлеммен төленуге тиіс. Сақтандырылатын жүктің екінші партиясынан бастап кейінгі сақтандыру сыйлықақылары сақтандыру полисі нақты берілгенге дейін, алдыңғы есепті ай үшін алдыңғы сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінде аванстық төлемдермен төленеді және Сақтандырушы төлем шотын ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру полисі берілген күннен кешіктірілмей, Сақтандырушының банктік шотына аудару жолымен төленуге тиіс.
3. Сақтанушы ай сайын, электрондық пошта арқылы электрондық кесте түрінде (осы Сақтандыру ережелеріне № 1 қосымша), есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей,



Сақтандырушыға есепті айдағы жүк партияларының өндірістік жөнелтілімдері туралы ақпарат ұсынады.

4. Сақтандырушы Сақтанушыдан алынған ақпарат негізінде, осы баптың 2-тармағына сәйкес аванстық төлем төленген жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру полисін береді.
5. Сақтанушы мен Сақтандырушы ай сайын есепті ай бойынша есептелген және төленген сақтандыру сыйлықақыларының салыстыруын жүргізеді, ол салыстыру актісімен ресімделеді.
6. Егер аванстық төлеммен төленген сақтандыру сыйлықақысы есепті ай үшін сақтандыру полисі бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысынан аз болса, Сақтанушы сақтандыру полисі берілген сәттен бастап 3 банктік күннен кешіктірмей сақтандыру сыйлықақысының қалған бөлігін Сақтандырушының банктік шотына аудару жолымен қосымша төлеуге тиіс.
7. Егер аванстық төлеммен төленген сақтандыру сыйлықақысы есепті ай үшін сақтандыру полисі бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысынан көп болса, онда төленген сыйлықақының артық бөлігі Сақтандырушы тарабынан келесі жүк партиясын сақтандыру үшін келесі сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу есебіне жатқызылады.
8. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты есептік сақтандыру сыйлықақысына жеңілдік немесе үстемеақы қолдануға құқылы: көлік түрі, тасымалдау қашықтығы мен бағыты, сақтандыру аумағы, аралас немесе тікелей қатынас, қайта тиеулердің (ауыстырып тиеулердің) болуы, уақытша сақтау қоймаларында сақтау, тасымалданатын жүктің сипаты, тасымалдауды ұйымдастыру тәсілі, қаптама, жүкті алып жүру, сақтандырылған тәуекелдер, өткен кезеңдердегі жүкпен болған оқиғалар статистикасы, оқиғалардың жүйелі сипаты, франшиза түрі мен мөлшері.
9. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру полисінде көзделген мерзімдерде төлемесе, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өтіп кеткен күннен кейінгі күннен бастап Сақтанушыға сақтандыру полисінің қолданылуы тоқтатылғаны туралы жай жазбаша хабарлама жолдау арқылы сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға, тиісті сақтандыру полисі бойынша сақтандыру төлемін жасамауға және төленген сақтандыру сыйлықақысы жарналарын қайтармауға құқылы.
10. Егер Сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын төлеуге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде сақтандыру сыйлықақысының қалған бөлігін толық көлемде есепке жатқызуға құқылы.

8-бап. Франшиза

1. Сақтандыру полисінде тараптар Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге Сақтанушының өзіндік қатысуы ретінде шартсыз немесе шартты франшизаны көздеуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен де, тіркелген сомамен де белгіленуі мүмкін.
2. Франшизаның мөлшері сақтандыру полисінде келісіледі:
 - 1) шартсыз франшиза кезінде франшиза сомасына тең немесе одан аз залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан көп залал залалдың толық сомасы мен франшиза сомасының арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі;
 - 2) шартты франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасына тең немесе одан аз залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан көп залал залалдың толық сомасы мөлшерінде өтеледі.
3. Бас полис пен сақтандыру полисінде тараптар қандай да бір франшизаны енгізбеуі мүмкін.

9-бап. Сақтандыру полисін жасасу тәртібі

1. Бас полис белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде, Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға жүктің әрбір партиясына сақтандыру полистерін беруі жолымен жасалады. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы өз қалауы бойынша жүкті қарап тексеруге құқылы.
2. Әлеуетті Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің талаптарымен танысып, оның негізінде Бас полис берілетін өтініш-сауалнаманы толтырады, содан кейін ұсынылған



мәліметтерге сәйкес Сақтандырушы Сақтанушыға жүктің әрбір партиясына сақтандыру полистерін береді.

- 3) Сақтандыруға арналған өтініш-сауалнамада мынадай мәліметтер болуға тиіс:
- 1) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) туралы деректер:
 - а) заңды тұлға үшін — толық атауы; сақтандыру полисін жасасуға уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты; орналасқан жері; банктік деректемелері; телефон/факс нөмірі;
 - б) жеке тұлға үшін — тегі, аты, әкесінің аты; паспорт деректері; мекенжайы; телефон нөмірі;
- 2) жүктің нақты атауы, оның салмағы, қаптама түрі, орын саны;
- 3) тасымалдау шарттары:
 - а) көлік түрі және оның негізгі деректері, тиесілігі;
 - б) күзеттің, пломбалардың болуы;
 - в) маршрут;
- 4) сақтау шарттары:
 - а) қойманың мекенжайы, тиесілігі, сипаттамасы, оның ішінде дабыл жүйесінің, күзеттің, өрт сөндіру жүйелерінің болуы туралы деректер, осындай үлгідегі қоймалар мен құрылыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігі;
 - б) аралық және уақытша сақтау пункттері, сақтау басталатын және аяқталатын күндер;
- 5) жүкті жөнелту және келу күні;
- 6) жүктің нақты құны және сақтандыру сомасы;
- 7) егер Сақтанушы бұрын осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру полистерін жасамаған болса, тасымалдау кезінде, аралық және уақытша сақтау орындарында сақтандыру полистерін жасасқанға дейін жүктің жойылуы, жоғалуы, қаза табуы және/немесе зақымдануы статистикасы;
- 8) тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі мәні бар мән-жайлар туралы мәліметтер;
- 9) сақтандыру сыйлықақысын төлеуші туралы мәліметтер.
4. Бас полисті жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ол басталғаннан туындауы мүмкін залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
5. Сақтандырылған жүк туралы ақпараттың анықтығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі.
6. Егер Бас полис және сақтандыру полистері Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, Сақтандырушы кейіннен тиісті мән-жайлар Сақтанушы тарабынан хабарланбаған деген негізбен Бас полис пен сақтандыру полисін бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
7. Егер Бас полис пен сақтандыру полистері жасалғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға 9-баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
8. Егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар жойылып кеткен болса, Сақтандырушы Бас полис пен сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
9. Бас полис пен сақтандыру полистері Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға бас полис пен жүктің әрбір партиясына сақтандыру полистерін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады.
10. Сақтандыру полисінде мыналар болуға тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе сақтандыру агентінің атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) Сақтандыру жағдайын көрсету;



- 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар немесе жоқ екендігі туралы көрсету;
- 7) жасалған күні, сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі;
- 8) егер олар сақтандыру қатынасының қатысушылары болып табылса, Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы көрсетілімдер;
- 9) сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; Сақтанушының шартты жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған, шарттың қолданылу кезеңінде мүлктік сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;
- 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 13) егер Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса, сондай-ақ сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) көрсетілген жағдайда, оның сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.

10-бап. Бас полис пен сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі мен орны

1. Бас полис пен сақтандыру полисі Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Бас полис оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін өз күшін жояды. Бас полистің қолданылу мерзімі өткеннен кейін оның негізінде сақтандыру полистері берілмейді.
3. Сақтандыру полисі бірінші Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін не тиісті сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін өз күшін жояды.
4. Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі Бас полис пен сақтандыру полисінің қолданылу мерзімімен сәйкес келмеуі мүмкін.
5. Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі мен сақтандыру қорғанысының мерзімі тиісті сақтандыру полисінде көрсетілуге тиіс.
6. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Бас полис пен сақтандыру полистерінің қолданылу орны (сақтандыру аумағы) – жүк тасымалы маршруты өтетін немесе жүк сақталатын, сақтандыру полисінде көрсетілген Қазақстан Республикасының және өзге мемлекеттердің аумағы.

11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқықтары:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
 - 2) егер ол сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болып табылса, Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
 - 3) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарымен танысуға;
 - 4) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, оны дайындау құны төленген шартпен оның Көшірмесін алуға;
 - 5) залал мөлшерін айқындау үшін дербес түрде тәуелсіз бағалау компанияларына жүгінуге.
2. Сақтанушының міндеттері:
 - 1) Бас полис пен сақтандыру полистерін жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Бас полис пен сақтандыру полистерін жасасу туралы шешім қабылдау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлау;
 - 2) басқа сақтандыру компанияларымен жүкке қатысты жасалған және жасалып жатқан барлық сақтандыру полистері туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау;



- 3) Бас полис пен сақтандыру полистерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу;
- 4) сақтандырылған жүктің зақымдануына, жойылуына, жоғалуына немесе қаза табуына жол бермеу үшін барлық шараларды қабылдау мақсатында оны тиісінше тиеуді, түсіруді, орналастыруды және бекітуді қамтамасыз ету;
- 5) жүктің әрбір партиясына қатысты Сақтандырушыға тасымалдау құралының атауы, жүктің жүру бағыты, жүктің атауы және сақтандыру сомасы туралы мәліметтерді хабарлау. Мұндай мәліметтер алынған сәтке дейін Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдардың туындау мүмкіндігі өтіп кетсе де, мысалы, жөнелту туралы мәліметтер жүк межелі жерге зақымданбай жеткізілгеннен кейін келсе де, Сақтанушы бұл міндеттен босатылмайды;
- 6) Сақтандыру жағдайы басталғаны оған белгілі болған немесе белгілі болуға тиіс болған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен белгіленген мерзімдерде Сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарлай алмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;
- 7) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
- 8) Сақтандырылған тұлғаларға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
- 9) Сақтандыру жағдайынан келтірілетін залалдарды болдырмау немесе азайту үшін барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;
- 10) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін барлық қолындағы ақпаратты осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабының тиісті тармақтарына сәйкес ұсынуға;
- 11) Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушы немесе үшінші тұлға жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды одан әрі сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректер Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ жалпы Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады;
- 13) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды;
- 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан оның дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті;
- 15) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және оларды жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады;
- 16) деректерді жинауға және өңдеуге келісімге мыналар кіреді:
 - атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі;



- 17) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының және олардың серіктестерінің жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларда сақталатын дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға жинауына және өңдеуіне келісімін растайды;
- 18) Сақтандыру шартында Сақтанушының өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.
3. Сақтандырушының құқықтары:
 - 1) сақтандыру полисін жасасу кезінде сақтандырылатын жүктің әрбір партиясын қарап тексеруге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға;
 - 2) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру полисінің талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
 - 3) Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
 - 4) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан Сақтандыру жағдайының фактісін және оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты осы Сақтандыру ережелерінің 15-бабының тиісті тармақтарына сәйкес талап етуге;
 - 5) осы Сақтандыру ережелерінің 5, 16-баптарында көзделген жағдайларда, бұл туралы Сақтанушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға;
 - 6) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын кез келген уақытта тексеріп, инспекция жүргізуге.
4. Сақтандырушының міндеттері:
 - 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
 - 2) Сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 3) Сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) шеккен шығыстарды сақтандыру сомасы шегінде өтеуге;
 - 4) Сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу тіркеуге;
 - 5) ұсынылған құжаттардың тізбесі мен олар қабылданған күн көрсетілген анықтама беруге;
 - 6) Сақтандыру ережелеріне өзгерістер енгізілген жағдайда, бұл өзгерістерді келісу үшін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынуға;
 - 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тізбеде (бұдан әрі – ЖҚЖҚТ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратқан құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып отыр деп пайымдауға негіздер болуы.
 - 9) Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде, сондай-ақ сақтандыру шартында Сақтандырушының өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.
5. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген Сақтанушының міндеттері, осы баптың 2-тармағының 7) тармақшасын қоспағанда, бір мезгілде Сақтандырылған тұлғалардың да міндеттері болып табылады.

12-бап. Бас полис пен сақтандыру полистерінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

1. Бас полис пен сақтандыру полистерінің қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға Бас полис пен сақтандыру полистерін жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті, оның ішінде:



- 1) жүкті жөнелтудің кідіруі немесе баяулауы;
 - 2) сақтандыру полисінде келісілген маршруттан ауытқу;
 - 3) рейстің кешігуі;
 - 4) жүкті қайта тиеу, түсіру, сақтау немесе жеткізу орнының өзгеруі;
 - 5) сақтандыру полисінде көзделмеген қыстап қалдыру;
 - 6) жүк тасымалы маршруты өтетін мемлекеттің билік органдары талаптарының, нормативтік актілерінің өзгеруі.
2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Бас полис пен сақтандыру полистерінің талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
3. Егер Сақтанушы Бас полис пен сақтандыру полисінің талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Бас полис пен сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға, Сақтандырушы сақтандыру полисі бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмаған жағдайда, бюджетке төленген міндетті төлемдер мен агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандырудың (сақтандыру қорғанысының) қалған кезеңіне барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Сақтанушыға қайтаруға құқылы, ал кері жағдайда сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде Сақтандырушының меншігінде қалады.
4. Егер Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Бас полис пен сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға, оны бұздан келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге және Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы.
5. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Бас полис пен сақтандыру полисін бұзуды талап етуге құқылы емес.

13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға және/немесе салдары Сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы:
 - 1) зақымданған жүкті құтқару және сақтау, залалдың одан әрі ұлғаюына жол бермеу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;
 - 2) Сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап немесе оған белгілі болған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны немесе оның өкілін дереу жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен мөлшері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ете алмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;
 - 3) залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз етуге;
 - 4) Сақтандыру жағдайын уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдарда құжаттауға шаралар қабылдауға;
 - 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
 - 6) Сақтандырушы өкілі келгенге дейін және/немесе Сақтандырушының жазбаша өкімі берілгенге дейін қалған барлық жүкті, зақымдалғанын да, зақымдалмағанын да, сақтауға, оқиғаның көрінісін өзгертпеуге, қауіпсіздік пен залал мөлшерін азайту қажеттілігінен туындаған жағдайларды қоспағанда;
 - 7) Сақтандырушыға зақымданған жүкті қарауға немесе тексеруге, залалдың себептері мен мөлшерін тергеуге, залалды азайту және сақтандырылған жүкті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
 - 8) тиісті қызметтерге (авариялық қызметтерге, сауда-өнеркәсіп палатасына, кеден органдарына, құқық қорғау органдарына) дереу, бірақ 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, Сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыны хабардар ету міндеті Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.



4. Пайда алушы Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны, мұны Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға жасаған-жасамағанына қарамастан, барлық жағдайларда хабардар етуге құқылы.
5. Егер Сақтандырушы Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмайтыны дәлелденбесе, Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе тиісінше хабардар етпеу оған сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқық береді.
6. Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған жүкті құтқаруға және сақтауға қатысуға, бұл үшін қажетті шараларды қабылдау жөнінде Сақтанушыға нұсқаулар беруге құқылы.

14-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжатпен мына мән-жайларды дәлелдеуге міндетті:
 - 1) өзінің сақтандырылған жүкке мүдделілігін;
 - 2) Сақтандыру жағдайының болуын;
 - 3) келтірілген залал бойынша өз талабының мөлшерін.
2. Сақтандырылған жүкке мүдделіліктің болуын, Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттарға мыналар жатады:
 - 1) жүк сақтандырылған кезде мүдделілікті дәлелдеу үшін – коносаменттер, тауар-көлік және теміржол жүкқұжаттары, сондай-ақ тасымалдау құжаттары, шот-фактуралар мен шоттар, егер осы құжаттардың мазмұны бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) жүкке билік ету құқығына ие болса; ал фрахт сақтандырылған кезде – чартер-партиялар мен коносаменттер;
 - 2) Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін тасымалдау құралына қарай тиісінше – теңіздік наразылық, кеме журналынан үзінді, Тіркелім құжаттары, жалпы авария бойынша диспашер актісі, кеме мені түсіру ведомосы, кеме манифесі, сюрвейерлік акт, Сақтандыру жағдайының себебі көрсетілген коммерциялық акт, қылмыстық істі қозғау және іс жүргізуге қабылдау туралы қаулы, оқиға бойынша тергеп-тексеру және шешім қабылдау саласындағы мемлекеттік органдардың қаулылары, әуе тасымалдаушысының коммерциялық актісі, оқиға туралы белгі қойылған әуе жүкқұжаты; тасымалдау құралы хабар-ошарсыз жоғалған жағдайда – тасымалдау құралының жөнелту пунктінен (орнынан) шыққан уақыты және белгіленген мерзімде оның межелі пунктке (орынға) келмегені туралы шынайы куәліктер;
 - 3) залал бойынша талап мөлшерін дәлелдеу үшін – авариялық комиссардың жүк қарау актілері, сараптама, бағалау актілері, тиісті түрде жасалған құжаттар, жасалған шығыстарды негіздейтін және растайтын құжаттар, залал бойынша шоттар, ал жалпы авария бойынша залалдарды, шығыстар мен жарналарды өтеу талабы болған жағдайда – растайтын және негіздейтін құжаттары бар есеп немесе диспаша.
3. Жоғарыда аталған құжаттарға қосымша, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 1. жүк жоғалған жағдайда:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - жүктің келмегені туралы межелі станцияның (пункттің, порттың) белгісі бар тасымалдау құжатының түпнұсқасы (жүкқұжат, коносамент), ал тасымалдау құжатын ұсыну мүмкін болмаған жағдайда жүкті тасымалдау құны төленгені туралы түбіртек және осы алушының атына жолданған, жөнелту станциясының (пунктінің, портының) жүкті тасымалдауға қабылдағаны туралы анықтамасы (түбіртегі), онда межелі станция (пункт, порт) осы құжатта жүктің келмегені туралы белгі қойған, әрі бұл белгі талап қойылғанға дейінгі 10 күннен кешіктірілмей қойылуға тиіс. Жөнелту станциясының анықтамасында жүкқұжаттың (коносаменттің) нөмірі, жүк жөнелтушінің атауы, сондай-ақ теміржол қатынасымен тасымалдау кезінде – вагон нөмірі, станция және межелі пунктке дейінгі маршрут көрсетілуге тиіс. Анықтама межелі станцияның (пункттің, порттың) күнтізбелік мөртабаны арқылы куәландырылады және онда бұдан басқа жүк алушының атауы, жүктің саны мен салмағы, жүктің жөнелтілген және тасымалдауға қабылданған күні көрсетілуге тиіс;



- жөнелтілген жүктің саны мен құнын растайтын құжат, оның ішінде шарт, шот-фактура, инвойс.
- 2. жүктің жетіспеуі, бүлінуі немесе зақымдануы жағдайында:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - тасымалдау құжатының түпнұсқасы (жүкқұжат, коносамент);
 - коммерциялық актінің түпнұсқасы немесе теміржол қатынасымен тасымалдау кезінде – ол жоғалған жағдайда, коммерциялық акт жасалғаны туралы теміржолдың белгісі бар жүкқұжат ұсынылады;
 - жүктің саны мен құнын куәландыратын құжат, оның ішінде шарт, шот-фактура, инвойс;
 - су көлігімен үйінді/құйма түрінде жөнелтілетін жүктер бойынша – кемеңің шөгуін өлшеу арқылы тиелген жүктің массасын айқындайтын салмақ сертификаттары ("Драйв сюрвейт");
 - межелі пункттегі жүкті қарау (қабылдау) актілері;
 - залалдың себептері мен мөлшерін анықтау үшін қажетті сараптама, бағалау актісі және өзге де құжаттар.
- 3. багаж жоғалған жағдайда:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - багаж түбіртегінің түпнұсқасы;
 - багаждың саны мен құнын куәландыратын құжат.
- 4. өзінің жылжымалы құрамын жоғалту немесе зақымдау жағдайларында:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - вагонның келмегені туралы межелі станция белгісі бар теміржол түбіртегінің түпнұсқасы;
 - вагонның тиесілігін және оның қалдық құнын растайтын құжаттың түпнұсқасы.
- 4. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) мүлікке мүдделілікті, Сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.
- 5. Оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, өрт қадағалау органдары, авариялық-техникалық қызметтер, газ желісінің авариялық қызметтері), сондай-ақ оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмыс Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар арқылы орындалуы мүмкін.
- 6. Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға бойынша құжаттардың тізбесін, сондай-ақ залал мөлшерін қамтитын анықтама береді.
- 7. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда, Сақтандырушы тиісті құжаттарды алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы Сақтанушыны / Сақтандырылған тұлғаны хабардар етеді.

15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

1. Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залал келтірілген оқиғаның туындау фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды;
 - 2) оқиға Сақтандыру жағдайы деп танылған кезде осы Ережелердің 15-бабының тиісті тармақтарында көрсетілген барлық құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, залал мөлшерінің есебін қамтитын Сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды және оны танысу үшін Сақтанушыға ұсынады.
2. Жүк немесе оның бір бөлігі жойылған, жоғалған, қаза тапқан және/немесе зақымданған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде шеккен нақты залалының мөлшерінен, сондай-ақ сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

3. Залал мөлшері Сақтандырушы өкілі тарапынан Сақтанушының қатысуымен қарап-тексеру деректері, сондай-ақ тасымалданатын жүктің нақты құны, сақтандыру сомасы және залал мөлшерін растайтын басқа да құжаттар негізінде айқындалады.
 4. Залалдың себептері мен мөлшері бойынша тараптар арасында дау туындаған жағдайда, әр тарап сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижелері бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы негізсіз деп танылса, сараптамаға жұмсалған шығыстарды Сақтандырушы көтереді.
 5. Сақтанушы Сақтандыру жағдайынан кейін қалған жүкті, тіпті ол зақымдалған болса да, одан бас тартуға құқылы емес. Мұндай жүктің қалдық құны сақтандыру төлемінің мөлшерінен шегерілуге жатады.
 6. Сақтандыру төлемі франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру полисінде айқындалған сақтандыру сомасын ескере отырып, әрбір сақтандырылған объекті бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
 - 1) егер сақтандыру полисінде сақтандыру сомасы сақтандырылған жүктің нақты құны мөлшерінде айқындалса, сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады;
 - 2) егер сақтандыру полисінде сақтандыру сомасы сақтандыру полисін жасасу сәтінде сақтандырылған жүктің нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының жүктің нақты құнына қатынасына барабар айқындалады, бірақ сақтандыру сомасы шегінде, осы тармақтың 3)–5) тармақшаларын ескере отырып. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СТ) мынадай формула бойынша айқындалады:
СТ = НЗ × СС / СҚ, мұнда:
НЗ – нақты залал мөлшері;
СС – сақтандыру сомасы;
СҚ – жүктің сақтандыру құны;
 - 3) егер сақтандыру полисінде франшиза болса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру полисінде белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
 - 4) егер сақтандыру полисінде франшиза болса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;
 - 5) егер сақтандыру полисінде франшиза болса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалған мөлшерде, франшиза шегерілместен жүзеге асырылады.
7. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алса, Сақтандырушы келтірілген нақты залал мөлшері мен аталған тұлғадан алынған өтемақы арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады, бұл ретте осы тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспауға тиіс.
8. Егер осы баптың 7-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен асып кетсе, онда сақтандыру төлемі осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.
9. Егер жүк қабылдау кезінде жүк алушы тасымалдаушыға жүктің жетіспеуі немесе зақымдануы туралы жазбаша мәлімдеме жасамаса, онда ол жүкті тасымалдау шарты мен тасымалдау құжаттарының талаптарына сәйкес алды деп есептеледі. Егер жүктің жетіспеуі немесе зақымдануы жүкті қалыпты қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін болмаса, тасымалдаушыға өтініш жүк алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жасалуға тиіс. Егер жүк алушы тасымалдаушыға мұндай өтінішті үш күндік мерзімде жасамаса, бұл Сақтандырушының Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру төлемі туралы өтінішін қабылдамауына негіз болады.
10. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаған ұрланған жүктер табылған жағдайда, Сақтанушы жүкті қайтаруға және оны тиісті күйге келтіруге жұмсалған шығыстарды шегере

- отырып, алынған сақтандыру төлемін он жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті. Егер сақтандыру төлемі 1 ай ішінде қайтарылмаса, Сақтандырушы Сақтанушыға талап қоюға құқылы.
11. Сақтанушының сақтандырылған жүкке қатысты құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы соңғысын залал мөлшерін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдау міндетінен босатпайды.
 12. Сақтанушы залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстар, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, тиісті шаралар нәтижесіз болған күннің өзінде, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
 13. Сақтанушы залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс; егер шығыстар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
 14. Сақтандырушы Сақтанушы қасақана мүмкін болатын залалды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдамағандықтан туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандырушы осы Ережелердің 15-бабының тиісті тармақтарында көрсетілген барлық құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы не сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды және бұл шешім туралы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдеуге тиіс.
2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданғаннан кейін жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.
3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы ҚР Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалатын күнгі ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінде есептелетін айыпақы мөлшерінде жауапты болады. Өзгенің ақшасын пайдаланғаны үшін айыпақы бұл ақша сомасы Пайда алушыға Сақтандырушы тарабынан төленген күнге дейін есептеледі.
4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы осы Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес Сақтанушы тарабынан шағымдануы мүмкін.
5. Сақтандырушы осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайда, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы төмендегі мән-жайлардың салдарынан болған болса, Сақтанушыға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жасаудан бас тартуға құқылы:
 - 1) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының Сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының Сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын, белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері.
6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай мән-жайлар да негіз бола алады:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының Сақтандыру жағдайынан залалды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;
 - 3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
 - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
 - 5) егер мұның дәлелді себептермен байланысты екені дәлелденбесе, Сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе тиісінше хабардар етпеу;



- 6) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі әлдеқашан төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
 - 7) тиісті түрде жабылмаған ашық тасымалдау құралына тиеу немесе осыған ұқсас тасымалдау құралы үшін нормативтерде белгіленген мөлшерден артық тиеу;
 - 8) Сақтанушының кінәсінен жүкті жеткізудің кідіруі және бағаның өзгеруі;
 - 9) жүктің өндірістік ақаулары;
 - 10) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз зақымданған жүкті немесе оның бөліктерін пайдалану, оған билік ету;
 - 11) жүктің тасымалдау үшін көлік құралына тиелу сәтінде жойылуы, жоғалуы, қаза табуы немесе зақымдануы;
 - 12) мұнай өнімдерінің өзге заттармен ластануы немесе сұйылтылуы;
 - 13) жүктің атмосфералық жауын-шашынмен сулануы;
 - 14) сыртқы қаптамасының бүтіндігі сақталған кезде ыдыстың ластануы немесе бүлінуі салдарынан жүктің құнсыздануы.
7. Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен оның құқыққа қайшы әрекеттері негізінде босату, бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.
8. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға міндетті:
- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тізбеде (бұдан әрі – ЖҚЖҚТ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратқан құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып отыр деп пайымдауға негіздердің болуы.

17-бап. Сақтанушының залалды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) төлеген сома шегіндегі талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушыға өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығы Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) мен залал үшін жауапты тұлға арасындағы қатынастарды реттейтін қағидалар сақтала отырып жүзеге асырылады.
4. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

18-бап. Сақтандыру полисінің қолданылуын тоқтату шарттары

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз қолданылуын тоқтатады:
 - 1) Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
 - 2) сақтандыру шарты қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 3) егер Сақтандырылған тұлға Сақтанушының сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі міндеттерін өзіне қабылдамаған болса, заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы;



- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
- 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
2. Тараптардың сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тараптар сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бір-бірін болжанатын тоқтату күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
 - 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы кезінде;
 - 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметін белгіленген тәртіппен тоқтатуы кезінде;
 - 4) Сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің өмір сүруі Сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;
 - 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде;
 - 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;
 - 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыға, Сақтандырылған тұлғаға және Пайда алушыға қатысты тиісті тексеру шараларын қабылдау мүмкін болмаған кезде;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жолдау арқылы бұзады.
4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайлары болмаған шартпен, сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (оған жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақы кіреді) жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.
5. Егер Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру полисінен бас тарту себебінен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзса және бұл осы Ережелердің 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушы жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандырудың қолданылған уақытына барабар бөлігі мен сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығыстарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, қайтаруға міндетті.
6. Егер Сақтанушы-жеке тұлға қарыз шартына байланысты Сақтандыру полисінен, қарыз алушының қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты бас тартуы себебінен Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзса, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандырудың қолданылған уақытына барабар бөлігі мен сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, қайтаруға міндетті.
7. Осы Сақтандыру ережелерінің 3–6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сақтандыру

сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін айыпақы төлеуге міндетті.

- Егер сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауынан туындаса, соңғысы Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

19-бап. Ерекше талаптар

- Осы Сақтандыру ережелері орыс тілінде әзірленген. Сақтандыру полисінің орыс тіліндегі мәтіні мен мемлекеттік тілдегі мәтіні арасында қайшылық туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады, себебі орыс тіліндегі мәтін түпнұсқа болып табылады және Сақтандырушының еркін білдіреді, ал мемлекеттік тілдегі мәтін аударма болып табылады.
- Осы Ережелердің талаптарымен «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (бұдан әрі – Сақтанушылар) Бас полис пен сақтандыру полистерін беру арқылы жүк сақтандыру шарттарын жасасады.
- Сақтандыру полисі бойынша төмендегілер нәтижесінде туындаған зиян немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:
 - сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, мемлекет меншігіне айналдыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденіп алуы, реквизициялауы немесе пайдалану үшін алуынан;
 - қандай да бір өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай жабу, төлем, төлемақы немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
- Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары жөніндегі санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жолдау арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.
- Тараптар осы Ережелер бабының 4-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне барабар пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.
- Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары жөніндегі санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғаларды қоса алғанда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.
- Тараптар осы Ережелер бабының 4-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға айыпақы төлемейтініне және қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.

20-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған сақтандыру полистері бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жалпы юрисдикция соттарында шешілуге жатады.



САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	_____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 200__ г. по «__» _____ 200__ г. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	_____
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	<p>Сақтандырушы сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдауға қажет барлық құжаттарды алғаннан кейін, он жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, мұны Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды.</p> <p>Сақтандырушы Сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.</p> <p>Страховщик после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, не позднее десяти рабочих дней принимает решение об осуществлении страховой выплаты либо об отказе осуществлении страховой выплаты, о чем в письменной форме сообщает Страхователю (Выгодоприобретателю).</p> <p>Страховщик осуществляет страховую выплату Страхователю (застрахованному, выгодоприобретателю) в течение семи календарных дней после принятия решения о страховой выплате.</p>

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жок.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзін хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандыру талаптарымен таныстым, өзін хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/

Страховщик (или его представитель):

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)
М.О./М.П.

М.О./М.П.

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИИН/БИН

телефон

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушының:

- 1) Сақтандырушыдан төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
- 2) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 3) сақтандыру ережесінің талаптарымен танысуға;
- 4) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, сақтандыру полисінің жасалу құнын төлей отырып телнұсқасын алуға;
- 5) зиян мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сараптау компанияларына өз бетінше жүгінуге құқығы бар.

2. Сақтанушы:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау.
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюуы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады.
- 3) сақтандыру шартын, бас полисті және сақтандыру полистерін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауына және сақтандыру шартын, бас полисті және сақтандыру полистерін жасау туралы шешім қабылдауына елеулі мәнді барлық өзіне белгілі жағдайлар жайлы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық жүк сақтандыру полистері (сақтандыру шарттары) туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 5) бас полисте және осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықасын төлеуге;
- 6) сақтандырылған жүктің бүлінуді, жоғалуына немесе жойылуына жол бермеу үшін оның тиісінше тиесілін, түсірілуін, орналастырылуын, бекітілуін қамтамасыз етуге;
- 7) жүктің әрбір топтамасына қатысты тасымал құралы, жүктің жүріп өтер жолы, жүктің атауы және сақтандыру сомасы туралы деректерді сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтанушы бұл міндеттен мұндай деректерді алған сәтте сақтандырушының өтеуі тиіс шығындар ықтималдылығы жоққа шықса да, мысалы жөнелту туралы деректер жүк тиісті жеріне бүлінбеген күйінде жеткізілгеннен кейін келсе де босатылмайды.
- 8) сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы өзіне белгілі болған немесе белгілі болуы тиіс сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру жағдайының туындағаны жайлы сақтандырушының жазбаша хабарландыруға міндетті. Сақтанушы маңызды себептермен сақтандырушыны сақтандыру жағдайының туындағаны туралы белгіленген мерзімдерде хабарландыра алмаса, сақтанушы мұны құжаттармен растауы тиіс;
- 9) сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге;
- 10) сақтандыру ережесін сақтандырылушыларға жеткізуге;
- 11) сақтандыру жағдайы шығындарын болдырмау немесе азайтудың мүмкін және мақсатқа сәйкес барлық шараларын қолдануға;
- 12) сақтандыру ережесіне сәйкес сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зиянның сипаты және мөлшері жайлы бағалауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты Сақтандырушыға беруге;
- 13) сақтандыру жағдайының басталуына жауатын тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Сақтандырушының:

- 1) осы сақтандыру полисін жасау кезінде сақтандырылатын жүктің әрбір топтамасын тексеруден өткізуге, ал қажет болғанда нақты құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға;
- 2) Сақтанушы (Сақтандырылушы) берген ақпаратты және құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының (Сақтандырылушының) осы сақтандыру полисінің талаптарын орындауын тексеруге;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өздігінен анықтауға, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберуге;
- 4) сақтандыру ережесіне сәйкес, сақтанушыдан немесе сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайының, оның туындау жағдайларын анықтауға қажет ақпаратты талап етуге;
- 5) сақтандыру ережесінде көзделген жағдайларда, Сақтанушының жазбаша хабарландыра отырып сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 6) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ықпал еткен жағдайлардың бар не жоғын тексеруге және бақылауға құқығы бар.

4. Сақтандырушы:

- 1) сақтанушыны сақтандыру ережесімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;
- 3) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын сақтандыру сомасы шегінде өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу тіркеуге;
- 5) сақтанушының өтініші бойынша берілген құжаттардың тізімі мен қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге;
- 6) сақтандыру ережесіне өзгертулер енгізілген жағдайда, бұл өзгертулерді уәкілетті мемлекеттік органға келісуге беруге;
- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;
- 8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/сақтандырылушының/пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржы-ландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚКТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь имеет право:

- 1) требовать от страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая, если он является выгодоприобретателем по настоящему страховому полису;
- 3) ознакомиться с условиями правил страхования;
- 4) получить дубликат страхового полиса, в случае его утери, при условии уплаты стоимости изготовления такого страхового полиса;
- 5) самостоятельно обратиться к независимым оценочным компаниям для определения размера ущерба.

2. Страхователь обязан:

- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 3) при заключении договора страхования, генерального полиса и страховых полисов сообщать страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении договора страхования, генерального полиса и страховых полисов;
- 4) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и заключаемых страховых полисах (договоров страхования) груза с другими страховыми компаниями;
- 5) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные генеральным полисом и настоящим страховым полисам;
- 6) обеспечить надлежащую погрузку, разгрузку, размещение, крепление застрахованного груза с тем, чтобы принять все меры к недопущению его повреждения, уничтожения, проважи или гибели;
- 7) в отношении каждой партии груза сообщать страховщику сведения о наименовании перевозочного средства, пути следования груза, наименование груза и страховую сумму. Страхователь не освобождается от этой обязанности, даже если к моменту получения таких сведений возможность убытков, подлежащих возмещению страховщиком, уже миновала, например, если сведения об отправке поступят после доставки груза в место назначения в неповрежденном состоянии;
- 8) письменно уведомить страховщика о наступлении страхового случая, в срок не позднее трех рабочих дней, с момента, когда ему стало известно либо должно было стать известным о его наступлении. Если страхователь по уважительным причинам не имел возможности уведомить страховщика о наступлении страхового случая в установленные сроки, то страхователь должен подтвердить это документально;
- 9) информировать страховщика о состоянии страхового риска;
- 10) довести до сведения застрахованных условия страхования;
- 11) предпринимать все возможные и целесообразные меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 12) предоставлять страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка, согласно правилам страхования;
- 13) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик имеет право:

- 1) при заключении настоящего страхового полиса произвести осмотр каждой партии страхуемого груза, а при необходимости – назначить экспертизу в целях установления его действительной стоимости;
- 2) проверять предоставленную страхователем (застрахованным) информацию и документы, а также выполнение страхователем (застрахованным) требований и условий настоящего страхового полиса;
- 3) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 4) требовать от страхователя или застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения, согласно правилам страхования;
- 5) отказать в страховой выплате в случаях, предусмотренных правилами страхования, письменно уведомив об этом страхователя;
- 6) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить страхователя с правилами страхования;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные правилами страхования;
- 3) возместить страхователю (застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае, в пределах размера страховой суммы;
- 4) незамедлительно зарегистрировать сообщение о страховом случае;
- 5) по заявлению страхователя, выдать справку с указанием перечня представленных документов и даты их принятия;
- 6) в случае, когда в правила страхования вносятся изменения, предоставить эти изменения в уполномоченный государственный орган для согласования;
- 7) обеспечить тайну страхования;
- 8) отказать в страховой выплате в случаях:
 - нахождения Страхователя/Застрахованного/Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
 - не предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также



<p>- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.</p> <p>9) Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде, сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.</p> <p>5. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) немесе оның өкілі бүлінген жүкті аман алып қалу және сақтаудың барлық мүмкін шараларын қолдануға, сондай-ақ кінәлі тарапқа талап қою құқығын қамтамасыз етуге, сонымен қатар сақтандыру ережесінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауға міндетті.</p> <p>6. Сақтандыру жағдайын және оның келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.</p> <p>7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін</p> <p>8. Осы талаптарда реттелмеген барлық басқа мәселелерде Тараптар, «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның жүктерді ерікті сақтандыру ережесін басшылыққа алады.</p>	<p>дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;</p> <p>- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмыwania денег и финансирования терроризма.</p> <p>9) Законодательными актами о страховании и страховой деятельности, а также договором страхования могут быть предусмотрены другие обязанности страховщика.</p> <p>5. При наступлении страхового случая Страхователь (Выгодоприобретатель) или его представитель обязаны принять все возможные меры к спасению и сохранению поврежденного груза, а также обеспечению права требования к виновной стороне, а также совершать иные действия, предусмотренные правилами страхования.</p> <p>6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.</p> <p>7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.</p> <p>8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования грузов АО «Страховая компания «Евразия».</p>
--	--